«Хайер» корпорациясы тұрмыста қолдануға арналған тұрмыстық техника бұйымының ресми қызмет ету мерзімін белгілейді – бұйымның шығарылған күнінен бастап 7 жыл. Өнімнің жоғары сапалылығын, сенімділігі мен қауіпсіздік дәрежесін ескеретін болсақ, пайдаланудың нақты мерзімі ресми мерзімінен анағұрлым артық болуы мүмкін. Бұйымның қызмет ету мерзімі біткеннен соң профилактикалық жұмыстар жүргізу және бұйымды одан ары пайдалану жөнінде кеңес алу үшін «Хайер» корпорациясының Авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



# Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

## Ашу

### 1. Кіржуғыш машинаның орауын ашыңыз (суретті қараңыз)


Орау материалын ашқанда, бұйымның кір салатын люгінде, кір жууға арналған құралдарға арналған контейнерінде және басқа да элементтерінде су тамшылары болуы мүмкін. Бұл – бұйымды жасау кезінде әр кіржуғыш машина сапа бақылауынан өтетін болғандықтан, қалыпты жағдай.

### Балалардың орау материалдарымен ойнауына рұқсат етпеңіз!

Құралдың тасымалдау кезінде зақымданбағанына көз жеткізіңіз. Механикалық және өзге де зақымдар анықталса – кіржуғыш машинаны құрмас бұрын, бірден сатушыға хабарласыңыз.

### 2. Астыңғы қорғаныс панелін құру

Қорғаныс панелін машинаны қолданар алдында бекіту қажет. Ол су өткізбейді және бұдан өзге, шу деңгейін анағұрлым азайтады. 2-суретте көрсетілгендей, кіржуғыш машинаны қырынан жатқызып (1-сурет), төрт аяғын да шешіңіз, панель саңылауларын аяқтарға арналған саңылаулармен беттестіріп, аяқтарды панельге бекітіңіз.





### 3. Тасымалдау болттары

Артқы қабырғасынан төрт тасымалдау болтын гайка кілтінің көмегімен алып тастаңыз.


Тасымалдау болттарын сақтап қойыңыз: олар машинаны келесі ықтимал тасымалдауда қажет болады.

Шланг для слива воды  
Штуцер шланга для подачи воды  
Электрический шнур  
Транспортировочные болты (T1, T2, T3, T4)



## Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

1. Артқы қақпағын демонтаждаңыз.
2. Гайка кілтінің көмегімен төрт тасымалдау болты мен пластик тығындарды шешіңіз.
3. Артқы қақпағын қайта орнатыңыз.
4. Болттарды шешкеннен кейін пайда болған саңылауларды кіржуғыш машинамен бірге жеткізілетін арнайы бұқтырмалармен жабыңыз.



## Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында


### 3. Теңестіру

Бұйымды пайдалану процесіндегі тербелістерді, орнынан қозғалып кету және шуды болдырмас үшін кіржуғыш машинаны деңгей бойынша құру қажет, бұл үшін алдыңғы жақтағы түбінде реттелетін аяқтар қызмет етеді.

Дұрыс орнату үшін мыналар қажет:

- кіржуғыш машинаны қабырғаға, жиһаз заттарына және басқа да құралдарға тимейтіндей етіп, тегіс және тығыз еденге орнату;
- егер еден кедір-бұдыр болған жағдайда, машинаның күйін оның реттелетін алдыңғы аяқтарын бұрау немесе кері бұрау арқылы теңестіру керек (суретті қараңыз). Еденнің кедір-бұдырлығын машинаның астына ағаштан, картоннан және соған ұқсас материалдардан демеуіш төсеу арқылы реттеуге тыйым салынады.

Маңызды! Машинаны кілем төселген немесе түкті жабынды еденге орнатқан жағдайда машинаның астындағы желдеткіш саңылауды түктердің жауып қалмауына назар аудару қажет.



## Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

Су жүргізетін құбырларға қосу үшін Сізге мамандандырылған қызмет көрсету ұйымдарына хабарласуды ұсынамыз.

### 4. Суық суға қосу


Кіржуғыш машина су құбырына жаңа жалғауыш түтіктің көмегімен қосылуы тиіс. Ескі түтіктер мен жалғауыштарды пайдаланбаңыз, одан су ағуы мүмкін. Су құбырынан кіржуғыш машинаға су құятын түтікті 1-суретте көрсетілгендей қосыңыз.

- Минималды су қысымы: 0,1 Мпа немесе 1 Бар
- Максималды су қысымы: 1 Мпа немесе 10 Бар

### 5. Суды ағызуды қосу

Кіржуғыш машинадан канализацияның арнайы өткізгішіне немесе раковинаның ернеуіне жалғанатын ағызу түтігін қосыңыз (2-суретті қараңыз). Ағызу түтігі ажырап кетпес үшін оның ұшын бекітіңіз, бұл судың жерге ағуын болдырмайды. Ағызу түтігінің орналасуы суды ағызған кезде су ағынының үзілісін қамтамасыз етуі тиіс, түтіктің ұшы суға батырылмай жатуы керек. Ағызу түтігінің ұшы машинаның табанынан 80-100 см биікте болуы тиіс.

Егер ағызу түтігінің ұзындығы жеткіліксіз болса, оған ұзартқыштар қолдануға болмайды, дегенмен қажет жағдайда оны ұзартуға болады, алайда оның жалпы ұзындығы 400 см-ден аспауы тиіс.



## Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

### 6. Электр желісіне қосу

Электр желілеріне қосу үшін Сізге мамандандырылған қызмет көрсету ұйымдарына хабарласуды ұсынамыз.



Назар аударыңыз! Кіржуғыш машина міндетті түрде жерге тұйықталуы тиіс!

- Кіржуғыш машина айнымалы токтың бірфазалы электр желісіне жерге тұйықталған қосполюсті розетканың көмегі арқылы қосылады (розетка жеткізу жинағына кірмейді). Фаза сымы 16 Ампер максималды ток жұмысына есептелген және іске қосылу мерзімі 0,1 секундтен артық емес желінің қорғаныс автоматы арқылы қосылуы тиіс.
- Машинаның болжалды құрылатын орнына жерге тұйықталған, 1,5 мм<sup>2</sup> кем емес мыс тарамы бар (немесе 2,5 мм<sup>2</sup> кем емес қалайы тарамдары бар) үшжелілі тартылған кабелі бар розетка жақын болған жағдайда электр желісін түзеу жүргізілмейді. Аталған розетка болмаған жағдайда оны монтаждау жұмысы жүргізілуі тиіс. Жерге тұйықтауды жеке сыммен тартуға болмайды.

## Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

---

**Кіржуғыш машинаны электр желісіне алғаш қосар алдында төмендегі жайларға көз жеткізіңіз:**

- қорек кернеуінің бұйымның техникалық сипаттамалары тақтасында көрсетілген мәндерге сәйкестігіне;
- розетканың электр қауіпсіздігі нормаларына сәйкес жерге тұйықталғанына;
- розетка кіржуғыш машинаның айырына дәл келе ме, дәл келмеген жағдайда розетканы немесе айырды ауыстырыңыз;
- розетканың электр қауіпсіздігі нормаларына сәйкес жерге тұйықталғанына;
- орнатылғаннан кейін қорек кабелі мен бұйымның айырына еркін жету қамтамасыз етілуі тиіс.
- Қорек кабелі бұратылмауы, тартылмауы, мыжылмауы немесе кіржуғыш машинаның түбінде жатпауы тиіс.
- Ұзартқыштарды немесе көп ұяшықты розеткаларды пайдаланбаңыз
- Кіржуғыш машина үй сыртына немесе электр қауіпсіздігі нормаларын қанағаттандырмайтын үй іштеріне орнатылмауы тиіс.
- Электр розеткасы кіржуғыш машинаның бүйір қабырғасынан 1,5 метрден аспайтын қашықтықта болуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген сақтық шараларын немесе кеңестерді орындамаған жағдайда Өндіруші адамдарға немесе мүлікке келтірілген зиянға кез келген жауаптылықтан босатылады.

## Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

1. Кіржуғыш машинаны пайдалану жөніндегі осы нұсқаулармен мұқият танысыңыз және оларды келешектегі қолданыс үшін сақтап қойыңыз.
2. Су және электр жабдықтауына қосуды тек білікті мамандар орындау керек.
3. Машинаны тек пайдалану жөніндегі нұсқауларға сәйкес қолдануға болады. Кіржуғыш машинаны құрғақ тазалауға, химиялық тазалауға немесе осы сияқты кез келген мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.
4. Тек автоматты кіржуғыш машиналарға арналған жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.
5. Машинаны пайдаланудың алдында тасымалдауға арналған тіреуіштерін алып тастаңыз.
6. Айрықша қауіпсіздік шараларының сақталуын талап ететін жөндеуді және қызмет көрсетуді тек білікті мамандар орындау керек.
7. Розеткадан қуат сымын суырғанда желілік бауды емес, штепсельдік ашаны ұстаңыз.
8. Машинаны дымқыл қолмен ұстамаңыз және жалаңаяқ күйде қолданбаңыз.
9. Кіржуғыш машинаның кір салуға арналған люгы кір жуу бағдарламасын орындау барысында ысып кетуі мүмкін, сондықтан жуу кезінде люкке тимеңіз. Машинаны пайдалану барысында балалардың оған жақындауына жол бермеңіз.
10. Кіржуғыш машинаға техникалық қызмет көрсету немесе тазалау барысында машинаны «Қосу/өшіру» түймесі арқылы өшіріп, желілік сымның ашасын розеткадан суырып тастаңыз.
11. Судың біркелкі емес қысымына қатысты ықтимал ақауларға жол бермеу үшін, алғаш рет пайдаланудың алдында су құю түтігі, шүмек және төгу түтігінің жалғанған жерлерін тексеріңіз. Егер жалғанған жерлер тығыз болмай не ағып жатса, су берілуін тоқтатып, ақауды жойыңыз. Кіржуғыш машинаны шлантары жөнделгенге дейін пайдаланбаңыз.
12. Кір жуу барысында машинаның жуғыш заттарға арналған ыдысын ашпаңыз. Төгіліп жатқан суға жолмаңыз, оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.
13. Кір салынатын люк құлыппен жабдықталған, ол жуу аяқталғаннан кейін 2-3 минуттай ашылмайды. Люкті күштеп ашпаңыз. Егер су деңгейі люктің мөлдір терезесіне жетіп тұрса, люкті ашпаңыз.
14. Бұл кіржуғыш машина кәсіби емес, тұрмыстық қолдануға арнап жасақталған және оны басқа мақсаттарда пайдалануға болмайды.

# Бұйымды орау және утилизациялау

---

## Орау

Орауды утилизациялау барысында қоршаған ортаны қорғау жөнінде ұмытпаңыз.

## Бұйымды утилизациялау

Егер кіржуғыш машинаңызды енді пайдалануға болмайтын болып, оны лақтырғыңыз келсе, онда қоршаған ортаға залал тигізбеу үшін, машинаны дұрыс утилизациялау қажет. Қосымша ақпарат алу үшін жерлілікті коммуналдық қызметтерге хабарласыңыз. Егер машина утилизациялауға арналған болса, онда оны енді пайдалану мүмкін болмас үшін электр қуатының сымын корпусқа мейлінше жақынырақ кесіңіз.

Машина утилизациялауы сізді әуреге салмайтындай етіп жобаланып, жасалған.




Бұйымдағы не ораудағы осы белгі бұл бұйымның тұрмыстық қалдықтармен бірге утилизацияланбауы керектігін білдіреді. Бұйымды электрлік не электрондық жабдық жинау немесе утилизациялау орнына апару керек. Бұйымның дұрыс утилизацияланатынына көз жеткізу арқылы дұрыс емес утилизациядан қоршаған ортаға және адамдар денсаулығына тиюі ықтимал кері әсерге жол бермейсіз.

Осы бұйымды утилизациялау жөніндегі қосымша ақпаратты компанияның сіздің қалаңыздағы кеңсесімен, қалдықтарды жоюмен айналысатын коммуналдық қызметпен немесе бұйымды сатып алған дүкенмен байланысу арқылы ала аласыз.




# Кіржуғыш машинаның негізгі бөліктері



**Кіржуғыш машинаның сыртқы түрі мен сипаттамалары бұйымның тұтыну сипаттарын нашарлатпай, алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.**

## Басқару панелі



- A. кіржуғыш машинаны қосатын және өшіретін түйме
- B. бағдарлама таңдағыштың құлағы
- C. ақпараттық дисплей
- D. сығу жылдамдығын таңдау түймесі
- E. температура таңдау түймесі
- F. интенсивті жуу режимін қосу түймесі
- G. жылдам жуу режимін қосу түймесі
- H. жуғыш заттарға арналған тартпа
- I. бастауды кідірту режимін қосу түймесі
- J. шаю санын таңдау түймесі
- K. алдын ала жуу режимін қосу түймесі
- L. «Су ағызусыз» режимін қосу түймесі
- M. Бастау/Кідірту түймесі

# Жұмыс режимдері


## Кіржуғыш машинаны қосу/өшіру

Кіржуғыш машинаны қосу үшін А түймешігін басыңыз, кіржуғыш машина дисплейі жанады, кіржуғыш машинаны кір жуғаннан кейін өшіру үшін А түймешігін қайта басыңыз.

Кіржуғыш машинаны өшіргеннен кейін дисплейдегі индикация өшеді.


## Назар аударыңыз!

Түймелер аса сезгіш болғандықтан, кіржуғыш машинаны өшіру үшін А түймесін 2 секунд басып ұстап тұрыңыз.



## Жууды бастау және тоқтату режимі (Бастау/Кідірту түймесі)


Кіржуғыш машинаны желіге қосқаннан кейін, қажетті жуу бағдарламасын таңдаңыз, қажетті температураны, сығу жылдамдығын және басқа да қосымша функцияларды белгілеңіз, бұдан кейін М түймесін басыңыз, сонда жуу бағдарламасы орындала бастайды. Жуу бағдарламасын орындалу барысында тоқтату қажет болса, М түймесін қайта басыңыз, дисплейдегі индикатор жыпылықтай бастайды, жуу бағдарламасы кідіріс режиміне өтеді. М түймесін қайта басу арқылы бағдарламаның ары қарай орындалуын жалғастыруға болады.



## Жұмыс режимдері


### Жуу бағдарламаларын таңдау

Бағдарлама таңдауға арналған В тұтқасын сағат тілінің бағытымен не оған қарсы бұрау арқылы қажетті режимді таңдаңыз (қажетті бағдарламаны таңдау үшін «Кір жуу бағдарламаларын таңдау бойынша нұсқаулыққа» назар салыңыз).



### Сығу жылдамдығын таңдау


Бұл түйме барабанның сығу барысындағы сізге қажетті айналу жылдамдығын орнатуға мүмкіндік береді. Сығу жылдамдығын таңдайтын D түймесін басып, қажетті сығу жылдамдығын таңдаңыз, сәйкес индикатор жанады. Егер сығу жылдамдығын өзіңіз өзгертпесеңіз, машина бастапқы стандартты баптауларын қолданады.



# Жұмыс режимдері

## Температура режимін таңдау

Е түймесі арқылы жууға арналған қажетті су температурасын таңдауға болады (-, 30,40,50,60,90).. Температура таңдау түймесін басып, қажетті су температурасын таңдаңыз, сәйкес индикатор жанады. Температура индикаторындағы «--» белгісі суды қыздырмай жуу режимі таңдалғанын білдіреді.




## Бастауды кідірту режимі

Жууды бастауды белгісіз уақытқа кейінге қалдыру қажет болған жағдайда, бұны I түймешігін басу арқылы орындай аласыз. Кідіріс диапазоны 30 минуттан 24 сағатқа дейінгі уақытты қамтуы мүмкін.

Түймешік көмегімен жуу бағдарламасының басталуын кідіртуге қажетті сағат мөлшерін белгілесеніз, сәйкес индикатор жанады. Бастауды кідірту уақыты белгіленгеннен кейін, уақыт санауын бастау үшін «Бастау/Кідіріс» түймесін (M түймесі) басыңыз, кідіріс уақыты негізгі дисплейде бейнеленіп тұрады.

Сіз таңдаған кідіріс уақытына, сонымен қатар, жуудың толық аяқталуына дейінгі уақыт та кіреді. Егер белгіленген уақыт жуу бағдарламасының аяқталуына дейінгі уақыттан кем болса, бағдарлама кідіріс уақытын сақтамайды, бірден жууға кіріседі.

Бұл функция «Сығу» режимінде жоқ.




## Жұмыс режимдері

---

### Жуғыш заттарды салу

Алдыңғы панельдің үстіңгі бөлігінде жуғыш заттар салуға арналған бункер орналасқан. Бункердің ішінде үш бөлім бар:

- 1-бөлім: негізгі (жылдам) жуудың жуғыш заттарына арналған. Жуу бағдарламалары үшін пайдаланылады, алдын ала жуу бағдарламасы таңдалған-таңдалмағанына қарамастан жуғыш затты осы бөлімге салыңыз.
- 2-бөлім: кірге күтім жасайтын (крахмалдайтын, жұмсартатын, хош иістендіретін және т.б.) заттарға арналған
- 3-бөлім: алдын ала жуудың жуғыш заттарына арналған. Егер алдын ала жуу бағдарламасын таңдаған болсаңыз, бұл бөлімге жуғыш зат салмаңыз.




# Жұмыс режимдері

## Негізгі дисплей

Жуу уақыты туралы ақпарат пен қателер туралы хабарлар C ақпараттық дисплейіне шығады.

Жуу бағдарламасын таңдағанда дисплейде бағдарлама орындалуының шамаланған уақыты бейнеленеді. Бұл уақыт су құбырынан келетін су температурасына, су қысымының айырмашылығы және т.б. байланысты біраз өзгеруі мүмкін.


Кір сығылғанда барабанда әркімкі таралғандықтан да жуу уақыты ұзаруы мүмкін.



## «Интенсивті жуу» режимі

Кірден дақ кетіру қажет болғанда және заттар тым кірлеген жағдайда «Интенсивті жуу» режимін қолдануға болады.


Бұл режим F түймесін басу арқылы қосылады және онымен бірге сәйкес индикатор жанады. Осы режимді қосқанда негізгі жуу уақыты, шаю әрекеттері мен сығу уақыты көбеюі мүмкін.



# Жұмыс режимдері


## Қосымша шаю режимі

Осы режимді қосқанда кіржуғыш машина тағы бір шаю циклін қосады. Қажет болған жағдайда Н қосымша шаю түймесін басыңыз, сонда сәйкес индикатор жанып, қосымша шаю орындалады. Бұған қоса негізгі дисплейге «P-1» белгісі шығады. Н түймесін қайта бассаңыз, дисплейге «P-2» немесе «P-3» белгілері шығады, бұл – екі не үш қосымша шаю циклін білдіреді. «Қосымша шаю» индикаторы осы режим орындалу барысында жыпылықтап жанып тұрады. «P-1/2/3» белгісі қалған жуу уақытымен бірге дисплейде кезек-кезек пайда болады. Жуу режимі аяқталғанда индикатор мен дисплей өшеді.



## Алдын ала жуу режимі

Қатты кірлеген заттарды жуу қажет болса, «Алдын ала жуу» режимін пайдаланыңыз. Бұл функцияны таңдағанда алдын ала жуу бөліміне жуғыш затты қажет мөлшерде салыңыз. Бұл режим К түймесін басу арқылы қосылады және онымен бірге сәйкес индикатор жанады. Жуу бағдарламасы басталғанна кейін, бірінші, алдын ала дуу басталады, осы кезде алдын ала жуу белгісі жыпылықтап жанып тұрады. Алдын ала жуу аяқталғаннан кейін ақпараттық дисплейдегі белгі жоғалады. Кейбір жуу бағдарламаларын орындау барысында бұл режимді қолдану мүмкін емес. Бұл функцияны тек «Мақта», «Аралас жуу», «Синтетика», «Джинсалар», «Күнделікті жуу» және «Балалар киімі» бағдарламаларымен қолдануға болады.






# Жұмыс режимдері

## Су ағызуды бұғаттау режимі


L су ағызуды бұғаттау түймешігін басқанда режим индикаторы жанады, кіржуғыш машина шаюдың соңғы циклін орындап, кірді сулап жібіту процесін бастайды, су бұл кезде ақпайды. Егер L түймесін қайта басса, бұл режим өшіп, режим индикаторы да сөнеді, бірақ егер бағдарлама кірге кондиционер қолдану кезеңінде болса, онда су ақпайды. Егер кірді сығу керек болса, онда тағы бір рет L түймесін немесе M (Бастау/Кідіріс) түймесін басыңыз, су ағызуды бұғаттау режимінің индикаторы жыпылықтауын тоқтатады да, кіржуғыш машина жұмысын жалғастырады. Бұл режим Бастауды кідірту режимі қосұлы болғанда жұмыс істемейді. Бұл функцияны «Сығу» және «Жылдам жуу 15'» бағдарламаларымен бірге қолдану мүмкін емес.



## «Жылдам жуу» режимі

Қатты кірлемеген заттарды жуу қажет болғанда «Жылдам жуу» режимін пайдалануға болады.

Бұл режим G түймесін басу арқылы қосылады және онымен бірге сәйкес индикатор жанады. Осы режимді қосқанда негізгі жуу уақыты, шаю саны мен сығу уақыты азаюы мүмкін.



## Жұмыс режимдері

---

### **Бағдарламалардың орындалуынан бас тарту, өзгерту**

«Бастау/кідірту» түймесін басыңыз, қоректі өшіріңіз, сонда жуу бағдарламасынан автоматты түрде бас тартылады. Қосқаннан кейін бағдарлама таңдау тұтқасын бұру арқылы басқа бағдарламаны таңдаңыз.

### **Назар аударыңыз!**

Кіржуғыш машинаға «Кідіріс» режимін орнатқаннан кейін, бағдарлама мүмкіндігі жетсе, сығу жылдамдығы мен басқа да белгіленген қосымша функцияларды өзгертуге болады. Баптауларды өзгертіп, кіржуғыш машинаны «Бастау» режиміне ауыстырғаннан кейін, жуу бағдарламасының жалғасы жаңа баптаулармен жалғасады.

# Жуу бағдарламаларын таңдау жөніндегі нұсқаулық

Бағдарлама номері	1	2	3	4	5	6
Бағдарлама атауы	Мақта	Синтетика	Аралас жуу	Абайлап жуу	Жүн	Қолмен жуу
Ұсынылатын мата типі	Мақта	Синтетика	Мақта не синтетика	Мақта	Жүн	Мақта
Салуға болатын максималды кір салмағы, кг	6	3	3	1	1	1
Алдын ала орнатылған температура мәні, С	40	40	40	30	30	30
Температура мөңдерін реттеу диапазоны, С	0 - 90	0 - 60	0 - 40	0 - 40	0 - 40	0 - 90
Алдын ала орнатылған сығу жылдамдығының мәні, айн/мин	1000	800	800	400	400	400
Бағдарлама орындалуының шамамен алғандағы уақыты	1:32	1:19	1:17	0:57	0:59	1:10
Қосымша функцияларды қосу мүмкіндігі	Бастауды кідірту	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә
	Алдын ала жуу	Иә	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ
	Су ағызуды бұғаттау	Иә	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ
Жұғыш заттар	Алдын ала жуу	Тек «Алдын ала жуу» режимінде	Тек «Алдын ала жуу» режимінде	Жоқ	Жоқ	Жоқ
	Негізгі жуу	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә
	Шайғыш	Қалау бойынша	Қалау бойынша	Қалау бойынша	Қалау бойынша	Қалау бойынша

# Жуу бағдарламаларын таңдау жөніндегі нұсқаулық

Бағдарлама номері	7	8	9	10	11	12
Бағдарлама атауы	Күнделікті жуу	Спорт 25	Экспресс 15	Джинсалар	Балалар киімі	Сығу/суды төгу
Ұсынылатын мата типі	Мақта	Спорттық киім	Мақта не синтетика	Джинсалар	Мақта не синтетика	/
Салуға болатын максималды кір салмағы, кг	3	3	1	3	3	/
Алдын ала орнатылған температура мәні, С	40	— —	— —	40	40	/
Температура мәндерін реттеу диапазоны, С	0 - 60	0 - 40	0 - 40	0 - 90	0 - 90	/
Алдын ала орнатылған сығу жылдамдығының мәні, айн/мин	800	800	800	800	800	1000
Бағдарлама орындалуының шамамен алғандағы уақыты	0:31	0:25	0:15	1:42	1:32	0:11
Қосымша функцияларды қосу мүмкіндігі	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә	Жоқ
	Иә	Жоқ	Жоқ	Иә	Иә	Жоқ
	Иә	Иә	Жоқ	Иә	Иә	Жоқ
Жуғыш заттар	Тек «Алдын ала жуу» режимінде	Жоқ	Жоқ	Тек «Алдын ала жуу» режимінде	Тек «Алдын ала жуу» режимінде	Жоқ
	Негізгі жуу	Иә	Иә	Иә	Иә	Жоқ
	Шайғыш	Қалау бойынша	Қалау бойынша	Қалау бойынша	Қалау бойынша	Жоқ

## Кір жуар алдында

---

Кір жумас бұрын кейбір пайдалы кеңестермен танысыңыз:

### **Кірді іріктеу**

Кірді кірлеу дәрежесіне, түсіне, матасына қарай іріктеңіз.

### **Киім**

Киімді іліп кетпес үшін сыдырма ілгекті бекітіңіз. Түсті жаңа киім оңуы мүмкін, сондықтан оны бірнеше рет басқа кірден бөлек жуу керек. Киімді өңін айналдырып салыңыз, бұл қауіпті және т.б. азайтады.

Жуар алдында қалталарды теріс айналдырыңыз және заттарды қалтасын сыртына айналдырған күйде жуыңыз.

### **Бұйым жапсырмасындағы кір жуу жөніндегі ұсыныстар**

Бұйымдардың фабрикалық жапсырмаларында символдармен белгіленген кір жуу жөніндегі ұсыныстарды тексеріңіз.

### **Түсті мақта**

Фабрикалық жапсырмасында жуу символы 60° C деп көрсетілген мақтадан жасалған түсті киім бояғыш заттардың ықтимал қалдықтарынан арылу үшін алғашқы ретте 60° C температурада жуылуы тиіс. Егер бұл кеңеске құлақ аспасаңыз, бұйымның оңу қаупі ұлғаяды.

# Кір жуу кезеңдері




## Назар аударыңыз!

Бұл кіржуғыш машина тек үйде пайдалануға арналған. Егер машина өнеркәсіптік мақсаттарда пайдаланылатын болса, оған кепілдік жойылады. Машинаны өзі арналған мақсаттардан өзгесіне пайдаланбаңыз. Әр киімнің биркасында берілген нұсқауларды орындаңыз, машинада жууға рұқсат етілген киімдерді ғана машинада жуыңыз.


## Электр қорегі

Кіржуғыш машинаны электр қорегінің көзіне қосыңыз (220 - 240 В ~ /50 Гц).



## Суға қосу


Су жіберетін түтікті қосыңыз. Су жіберетін шүмекті кіржуғыш машинаны пайдаланар алдында ғана қосыңыз. Су таза болуы тиіс.



**Ескерту:** Пайдалану алдында шүмек пен су құятын түтік арасында су ағатын жердің болмауын мұқият тексеріңіз.

## Кірді дайындау


- кірді мата типтеріне (мақта, синтетика, жүн немесе жібек) және кірлену дәрежесіне қарай іріктеңіз.
- Ашық түсті киімдерді түрлі түсті киімдерден бөлек іріктеңіз. Түрлі түсті кірден бояу шықпас үшін оларды ақ түсті кірден бөлек жуыңыз. Фабрикалық жапсырмасында жуу символы 60° C деп көрсетілген мақтадан жасалған түсті киім бояғыш заттардың ықтимал қалдықтарынан арылу үшін алғашқы ретте 60° C температурада жуылуы тиіс. Егер бұл кеңеске құлақ аспасаңыз, бұйымның оңу



## Кір жуу кезеңдері

қауіпті ұлғаяды.

- Қалталардан барлық заттарды алып шығыңыз (кілттер, тиындар және т.б.) және әшекейлерді (сәнді түйреуіштер) шешіңіз. Киімді іліп кетпес үшін сыдырма ілгекті бекітіңіз. Түсті жаңа киім оңуы мүмкін, сондықтан оны бірнеше рет басқа кірден бөлек жуу керек. Киімді өңін айналдырып салыңыз, бұл қауіпті және т.б. азайтады. Жуар алдында қалталарды теріс айналдырыңыз және заттарды қалтасын сыртына айналдырған күйде жуыңыз.



**Назар аударыңыз: Ұсақ заттар (мысалы, түймелер) машинаның бұзылуына себеп болуы мүмкін, бұл жағдайда машинаны жөндеу жұмысын пайдаланушы өзі төлейді.**

- Кішігірім заттарды, мысалы, шұлықтар, белдіктер, кеудешелер және т.с.с. жууға арналған пакетке салу керек.
- Көлемді кірді, мысалы, ақжаймаларды, сейсептерді және т.б. аударып салыңыз.
- Жейдені теріс аударыңыз.

### Машинаға кір салу

Кіржуғыш машина есігін ашып, кірді біртіндеп салыңыз. Есігін нық жабыңыз.

- Машинаға шамадан тыс кір салмаңыз.


**Назар аударыңыз! Алғашқы рет жуудың алдында машинаны кірсіз, алайда жуғыш затпен жұмыс істету керек, бұның мақсаты – кірге майдың не лас судың тиюіне жол бермеу. Температурасы 60°C жуу бағдарламасын таңдаңыз.**



### Жуғыш зат таңдау

Жуу сапасы мен өнімділік пайдаланылатын жуғыш зат сапасына байланысты болады. Автоматты кіржуғыш машиналарға арналған көпірмейтін арнайы жуғыш заттар жуудың нәтижесін арттырады. Синтетикалық және жүннен жасалған заттар үшін бөлек жуғыш заттар қолданыңыз. Трихлорэтилен немесе сол сияқты құрғақ тазалауға арналған жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

**Ескерту: Жуғыш затты қажетті шамасынан артық қолданбаңыз. Жуғыш заттың орауында көрсетілген мөлшерлемесі бойынша нұсқауларды орындауыңызды өтінеміз.**




# Кір жуу кезеңдері

## Жуғыш зат салу

Тартпаны суырып, жуғыш затты салыңыз, сондай-ақ, сәйкес бөлімшелерге крахмалдайтын, жұмсартатын немесе хош иістендіретін заттарды салыңыз. Тартпаны абайлап жабыңыз.


## Назар аударыңыз!

- «Алдын ала жуу» бағдарламасы үшін жуғыш зат 1-ші және 3-ші бөлімшелерге салынуы тиіс. Қалған бағдарламалар үшін 3-бөлімшеге жуғыш зат салу қажет емес.
- Сұйық жуғыш затты орауында көрсетілген нұсқауларға сәйкес қолданыңыз. Алдын ала жуу режимі немесе «Бастауды кідірту» режимі таңдалған болса, сұйық жуғыш зат қолданбаңыз.
- Жұмсартқыш заттарды шамадан артық салмаңыз, себебі ол жасанды талшықты заттарды зақымдауы мүмкін.



## Бағдарлама таңдау

Нәтиже барынша жақсы болу үшін, жуу бағдарламасын мата типіне сәйкес таңдау керек. Бағдарламаны таңдау үшін бағдарлама таңдау тұтқасын қолданыңыз.



## Қосымша функциялар

Қажетті қосымша функцияларды таңдаңыз («Жұмыс режимдері» бөлімін қараңыз).

## Температураны белгілеу

Жуудағы қажетті су температурасын белгілеу үшін, температура таңдау түймесін басып ұстап тұрыңыз.





## Кір жуу кезеңдері

### Сығу жылдамдығын белгілеу

Сығудағы барабанның қажетті айналу жылдамдығын таңдау үшін сығу жылдамдығын таңдау түймесін басып ұстап тұрыңыз (Толығырақ мәліметті «Жуу бағдарламаларын таңдау бойынша нұсқаулықтан» оқыңыз).



### Жуу

«Бастау/Кідіріс» түймесін басыңыз. Кіржуғыш машина алдын ала орнатылған бағдарламаны орындай бастайды. Кіржуғыш машина жуу циклін аяқтаған соң, автоматты түрде жұмыс істеуін тоқтатады. Дисплейде «End» белгісі пайда болады. Кіржуғыш машина есігін ашып, барабаннан кірді алыңыз.



### Жуу аяқталған соң

Су жіберетін шүмекті жауып, желілік баудың ашасын розеткадан суырыңыз. Жағымсыз иістер мен ылғалдың пайда болмауы үшін машина есігін ашып қойыңыз. Есікті келесі жууға дейін ашық қалдырыңыз.



ҚАЗАҚША

## Кір жуу кезеңдері

### Электр қуатын үнемдеу бойынша кеңестер


1. Машинаға бір рет толық кір салу үшін киімдерді жинақтаңыз.
2. Машинаға шамадан тыс кір салмаңыз.
3. Алдын ала жуу режимін қатты кірленген киімдер үшін ғана қосыңыз.
4. Жуғыш зат мөлшерін азайтыңыз немесе аса қатты кірленбеген киімдер үшін стандартты бағдарламаны немесе абайлап жуу бағдарламасын таңдаңыз.
5. Қажетті жуу температурасын таңдаңыз. Заманауи жуғыш заттар 60°C-тан төмен температурада жуғанда жақсы нәтиже береді. 60°C-тан жоғары температураны тек қатты кірленген заттар үшін қолдану керек.
6. Жуғыш заттар мөлшерлемесі бойынша кеңестерді орындаңыз.  
ых вещей.
6. Следуйте рекомендациям по дозировке моющего средства.

### Дверца люка стиральной машинки не открывается кір жуғыш машина люгінің есігі ашылмайды

1. Басты желі ажыратқышы қосулы ма, тексеріңіз.
2. Желіде ток бар ма, тексеріңіз. Сақтандырғыштар мен қорғауыштарды тексеріңіз. Электр қуатының берілуі тоқтатылса, люктің есігін ашуға болмайды.
3. Егер есік қалыпты тәсілмен ашылмаса, оны апаттық жағдайда ашу үшін келесі тәсілдермен әрекет етіңіз:

Машинада су жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер машинада су қалған болса, онда сіз сораптың есігінің сыртына кішкене түтікті суырып алып шығып, ыңғайлы ыдысқа суды ағызып ала аласыз. Негізгі желілік ажыратқыштың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Су ағызу сорабының қақпағының ар жағында орналасқан пластик сақинаны тартсаңыз, есік ашылады. Егер бұдан соң да ашылмаса, онда қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Суды ағызу сорабының сүзгішін




1. Сүзгіш қақпағындағы саңылауға жалпақ бұрауышты салып, оны ашыңыз, шамадан тыс күш салмаңыз (1-сурет).
2. Резеңке түтіккі қысқыштан шығарыңыз немесе оны контейнерге орналастырыңыз, суды төгу үшін бұқтырманы суырыңыз (2-3-суреттер).
3. Бұқтырманы салып, резеңке түтіккі қысқышқа бекітіңіз (4-5-суреттер).
4. Сүзгішті шешіп алып, ағын су астында жуыңыз, сүзгішті орнына орнатып, есікті жабыңыз (6-7-8-суреттер).

**Суды ағызу сорабының сүзгіші дұрыс орнатылған болуы керек, әйтпесе бұл – су ағуына алып келеді.**

## Құю клапаны сүзгішін тазалау


Су құю және төгу клапандары бітеліп қалмас үшін, оларды ауық-ауық тазалап тұру керек.



## Жуғыш заттар мөлшерлеуішін тазалау

Жуғыш заттар мөлшерлеуішін ауық-ауық тазалап тұру керек.

Мөлшерлеуішті суырып, сумен жуыңыз да, қайта өз орнына орналастырыңыз.



## Ықтимал ақаулар

Мәселенің сипаттамасы	Ықтимал себеп	Шешімі
Кіржуғыш машина жұмыс істемейді.	Электр желісіне нашар жалғанған. Электр қорегінде ақау бар.Машина есігі дұрыс жабылмаған. Машина қосылмаған.	Электр желісіне қосылымды тексеріңіз. Электр қорегінің көзін тексеріңіз. Машина есігін дұрыс жабыңыз. Машинаның қосу екендігіне көз жеткізіңіз.
Кіржуғыш машинаға су толмайды.	Бастау/Кідіріс түймесі басылмаған.Су беретін шүмек жабық.Су қысымы 0.03 Мпа деңгейінен кем. Су құятын түтік бұралып кеткен.Су берілмей қалған. Бағдарламалар таңдау тұтқасы дұрыс күйде тұрған жоқ.Машина есігі дұрыс жабылмаған.Су құятын түтік бітеліп қалған.	«Бастау/Кідіріс» түймесін басыңыз.Шүмекті ашыңыз. Су қысымын тексеріңіз.Су құятын түтікті тексеріңіз. Су берілуін қамтамасыз етіңіз.Тұтқаны дұрыс күйге қойыңыз.Машина есігін дұрыс жабыңыз.Су құятын түтік сүзгішін тазартыңыз.
Су құйылып жатқанда машина суды төгіп жатады.	Ағызу түтігі жоғарғы нүктесінің биіктігі 80 см-ден төмен.Ағызу түтігі суда тұр.	Ағызу түтігін оның жоғарғы нүктесі 80-100 см деңгейінде болатындай етіп орнатыңыз. Ағызу түтігінің суда тұрмағанын тексеріңіз.
Су төгілмейді.	Ағызу түтігі бітеліп қалған. Ағызу түтігінің жоғарғы нүктесі еденнен 100 см-ден астам биіктікте орналасқан. Ағызу сорабының сүзгіші бітеліп қалған.	Ағызу түтігін тазартыңыз. Ағызу түтігінің жоғарғы нүктесі еденнен 100 см-ден астам биіктіктен төмен орналасқанына көз жеткізіңіз. Сүзгішті тазалаңыз.
Сығу барысындағы шамадан тыс діріл	Тасымалдау болттарының барлығы шешілмеген. Кіржуғыш машина тегіс емес жерде және орнықсыз орналасқан.Машинаға рұқсат етілген мөлшерден көп кір салынған.	Тасымалдау болттарының барлығын шешіңіз.Кіржуғыш машинаның тегіс жерде және орнықты орналасқанына көз жеткізіңіз.Салынған кірді азайтыңыз.
Жұмыс жуу циклі аяқталмай тоқтайды.	Мәселе электр қорегінде немесе су берілуінде.	Электр қорегінің көзін тексеріңіз.
Жұмыс біраз уақытқа тоқтайды.	Кіржуғыш машина қате туралы хабар береді. Кіржуғыш машина кірді сулап жібіту режимінде жұмыс істейді.	Дисплейде хабар бар-жоғын тексеріңіз.Шаю түймесін немес операциядан бас тарту үшін Бастау/кідірту түймесін басыңыз.

## Ықтимал ақаулар

Мәселенің сипаттамасы	Ықтимал себеп	Шешімі
Барабанда көбік тым көп, ол жуғыш заттарды бөлгішке кіріп кетеді.	Жуғыш зат аз көпіретін болып табылмайды немесе қолмен жууға арналған. Жуғыш заттың мөлшері шамадан артық.	Жуғыш заттың дұрыс таңдалғанын тексеріңіз. Бөлгіштен жуғыш заттың біраз бөлігін алып тастаңыз.
Жуу уақытын автоматты баптау.	Жуу бағдарламасының ұзақтығы түзетіледі.	Бұл – қалыпты құбылыс және жұмысқа әсер етпейді.
Сығу жоқ.	Кір тым аз. Машина барабандағы кірді біркелкі ете алмайды.	Кір қосып, сығу бағдарламасын қайта орындаңыз.

## Ақаулықтар кодтары

Осы кіржуғыш машина бағдарламаларды орындау барысында өзіндік диагностика жүргізе алады, жұмыста ақау туындаған кезде негізгі дисплейде ақаулық коды көрінеді:

ERR1	Люк есігі жабылмаған.	Люк есігін жабыңыз.
ERR2	Су ағызғанда қате орын алады, ағызу уақыты 6 минуттан асып кетеді.	Су ағызу сорабының сүзгісін тазалаңыз, су ағызу түтігі қысылып қалмағанын тексеріңіз. Егер ақау жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR3	Температура датчигінде ақау бар.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR4	Қыздырғыш элементте ақау бар.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR5	Су алу процесінде ақау бар, су жинау 8 минуттан артық уақытты алады.	Шүмек пен су қысымын тексеріңіз. Егер ақау жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR7	Электрлі двигательде ақау бар.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR8	Кіржуғыш машинадағы су рұқсат етілген қалыпты деңгейден асып тұр.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR 10	Су деңгейінің датчигі дұрыс жұмыс істеп тұрған жоқ.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
UNB	Барабандағы кір білкелкі жатқан жоқ.	Кірді біркелкі етіп салыңыз.
EuAr	Перифериялық плато мен электрлі двигатель синхрондалмайды.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Техникалық сипаттамалар

Модель		HW60-1282	HW60-1082
Қуат тұтыну класы		A+	A+
Жуу класы		A	A
Сығу жылдамдығы	айн./мин	1200	1000
Бағдарламалар саны		12	12
1реткі жууға жұмсалатын электр қуаты	кВтч	0.83	0.83
Жууға жұмсалатын су көлемі	л	36.3	36.3
Қорек көрнеуі		220-240 В ~ 50Гц	220-240 В ~ 50Гц
Тұтынылатын максималды қуаттылық	Вт	2000	2000
Шу деңгейі	дБ	54 / 71	54 / 71
Көлемі (биіктігі x ені x тереңдігі)	см	850 x 595 x 450	850 x 595 x 450
Салмағы	кг	65	65
Ораудағы көлемі (биіктігі x ені x тереңдігі)	см	895 x 650 x 565	895 x 650 x 565
Ораудағы салмағы	кг	67	67
Салынатын кір мөлшері	кг	6	6
Электр қорғаныс классы		I	I

## Ораудағы заттар тізімі

---

1. Су жіберуге арналған түтік ..... 1 дана.
2. Сусіңгіш түтік..... 1 дана.
3. Пайдалану жөніндегі нұсқау..... 1 дана.
4. Астыңғы қорғаныс панелі ..... 1 дана.
5. Кепілдік талоны ..... 1 дана.





# Haier

Inspired living

Филиалы Изготовителя (код филиала Изготовителя указан на Изделии):

- A** «Haier Overseas Electric Co., Ltd.»,  
Китай  
Haier Group, Haier Industrial Park,  
No 1, Haier Road, Hi-tech Zone,  
266101, Qingdao, P.R. China
- B** «Haier Electrical Appliances Corp.,  
LTD., Ltd.»  
Haier Group, Haier Industrial Park,  
No 1, Haier Road, Hi-tech Zone,  
266101, Qingdao, P.R. China
- C** «Haier Italy Appliances S.p.A.»,  
Италия  
ViaCeresone2/B, 35010 Campodoro  
(PD), Italy
- D** «Haier Appliances (India ) Pvt., Ltd.»,  
Индия  
B-3, Ranjangaon Growth Centre,  
MIDC Ranjangaon, Tal: Shirur, Dist:  
Pune, Maharashtra State, India

Өндіруші филиалдары (Өндіруші филиалының коды Бұйымда көрсетілген):

- A** «Haier Overseas Electric Co., Ltd.»,  
Қытай  
Haier Group, Haier Industrial Park,  
No 1, Haier Road, Hi-tech Zone,  
266101, Qingdao, P.R. China
- B** «Haier Electrical Appliances Corp.,  
LTD., Ltd.»  
Haier Group, Haier Industrial Park,  
No 1, Haier Road, Hi-tech Zone,  
266101, Qingdao, P.R. China
- C** «Haier Italy Appliances S.p.A.»,  
Италия  
ViaCeresone2/B, 35010 Campodoro  
(PD), Italy
- D** «Haier Appliances (India ) Pvt., Ltd.»,  
Үндістан  
B-3, Ranjangaon Growth Centre,  
MIDC Ranjangaon, Tal: Shirur, Dist:  
Pune, Maharashtra State, India

**Изготовитель:**

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP.,LTD  
«Хайер Электрикал Апплиансес Корп. Лтд.»

**Адрес Изготовителя:**

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road,  
Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Род, Хай-тех  
Зоне, Циндао, 266101, КНР

**Импортер:**

ООО Торговая компания «Хайер Рус»

**Адрес Импортера:**

121099, Москва, Новинский б-р, д. 8, оф. 1601,  
БЦ Лотте Плаза

**Өндіруші:**

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP., LTD  
«Хайер Электрикал Эпплайнсес Корп. Лтд.»

**Өндіруші мекенжайы:**

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road,  
Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Роуд, Хай тек

**Импорттаушы:**

«Хайер Рус» сауда компаниясы ЖШҚ

**Импорттаушы мекенжайы:**

121099, Мәскеу, Новинский б., 8-үй, 1601, «Лотте  
Плаза» бизнес-орталығы